**"Оңалтуды басқарушының есебін келісу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 2 қарашадағы N 373 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 12 тамыздағы N 399 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 26 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5289 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 9 сәуірдегі № 197 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.04.09 № 197 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 12) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Оңалтуды басқарушының есебін келісу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 2 қарашадағы N 373 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылдың 5 қарашасында N 4980 болып тіркелген), мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Оңалтуды басқарушының қорытынды есебінің нысанын және оны келісу ережесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) оңалтуды басқарушының қорытынды есебінің нысаны;

2) оңалтуды басқарушының қорытынды есебін келісу ережесі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оңалтуды басқарушының есебін келісу ережесіне:

атауында "Оңалтуды басқарушының" деген сөздерден кейін "қорытынды" деген сөзбен толықтырылсын;

1-тармақта:

"Оңалтуды басқарушының" деген сөздерден кейін "қорытынды" деген сөзбен толықтырылсын;

"(бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздер "(бұдан әрі - Комитет), оның аумақтық бөлімшелерінің және олардың филиалдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"басқарушының" деген сөзден кейін "қорытынды" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақта "осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан" деген сөздер " бекітілген нысан" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 10) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"санацияға қатысушының ақша қаражатының түсуін, осы қаражаттың оңалту жоспарына сәйкес жұмсалуын растайтын төлем құжаттарының көшірмелері.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есепке оңалтуды басқарушы, бас бухгалтер қол қояды, борышкердің мөрімен расталады және оңалту рәсімі аяқталған сәтке дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмеген мерзімде оңалтуды басқарушыны кім тағайындағандығына қарай Комитетке не аумақтық бөлімшеге немесе оның филиалына қарауға беріледі.";

5-тармақта "Уәкілетті орган", "уәкілетті орган" деген сөздер "Комитет, оның аумақтық бөлімшесі немесе оның филиалы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Комитетпен немесе оның аумақтық бөлімшесімен немесе оның филиалымен келісілген есепті оңалтуды басқарушы Комитеттің не оның аумақтық бөлімшесінің немесе оның филиалының қорытындысын қоса бере отырып, келісілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей оны бекіту үшін сотқа жібереді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оңалтуды басқарушының есебін келісу ережесіне қосымша алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті (С.М. Бекбосынов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *Б. Жәмішев*

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің

2008 жылғы 12 тамыздағы
N 399 бұйрығымен
бекітілген

# Оңалтуды басқарушының қорытынды есебі

__________ __________________
(күні) (жасалған орны)

____________________________________________________________
(Оңалуды басқарушының аты-жөні, тағайындалған күні және бұйрықтың N)
____________________________________________________________
(ұйымдастыру-құқықтық нысанын, ССН және (немесе) БСН көрсете отырып борышкер ұйымның толық және қысқаша атауы)
____________________________________________________________
(борышкердің заңды мекен-жайы)

## 1. Ұйымдастыру-құқықтық іс-шаралар

1. Соттың оңалту рәсімін қолдану туралы ұйғарымы (ұйғарымның күні және соттың атауы):
200_жылғы "__"______________________________________ шығарылды,
(соттың атауы)
200_жылғы "__"____заң күшіне енді (қосымшасы қоса беріліп отыр).

2. Банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым:
200_жылғы "__"______________________________________ шығарылды,
(соттың атауы)
200_жылғы "__"____заң күшіне енді (қосымшасы қоса беріліп отыр).

3. Оңалту рәсімін ұзарту туралы ұйғарым (ұйғарымның күні және соттың атауы):
200_жылғы "__"______________________________________ шығарылды,
(соттың атауы)
200_жылғы "__"________заң күшіне енді (қосымшасы қоса беріліп отыр).

4. Оңалтуды басқарушы бұқаралық ақпарат құралдарына (газеттің атауы және шығарылым нөмірі): ________________ 200_жылғы N______ "__" ____________ берген оңалту рәсімін қолдану туралы хабарландыру (көшірмесі қоса беріліп отыр).

5. Мүлікті қабылдап алу-беру актісі (көшірмесі қоса беріліп отыр):
200_жылғы "__"______________.

6. Кредит берушілер комитетімен жасалған оңалтуды басқарушының келісімі:
200_жылғы "__"______________.

**2. Борышкердің активтері туралы мәліметтер**

7. Оңалту рәсімінің басталуына баланс бойынша активтердің құны (қалдық құны)___________________, оның ішінде:
(мың теңге)

негізгі құралдар________________________;
(мың теңге)

аяқталмаған құрылыс____________________;
(мың теңге)

қосымша материалдар____________________;
(мың теңге)

аз құнды мүкәммал______________________;
(мың теңге)

өндірістік қорлар______________________;
(мың теңге)

дайын өнімнің қалдықтары_______________.
(мың теңге)

8. Борышкердің мүлкін түгендеу жүргізілді ____________________________________________________
(тізімдеменің және түгендеу жөніндегі ____________________________________________________.
актінің күні мен нөмірі)

9. Борышкердің мүлкін бағалау жүргізілді (егер ол жүргізілсе):________________________________.
(қорытындының күні мен нөмірі және кім жүргізді)

10. Негізгі құралдар іске асырылды:

(мың теңге)

| N | Объектінің атауы | Баланс бойынша құны | Бағалау құны | Іске асыру бағасы | Іс жүзіндегі іске асыру бағасы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | | 3 | 4 | 5 |

11. Негізгі құралдар сатып алынды:

| N | Объектінің атауы | Сатып алу бағасы (мың теңге) | Ескерту (сатып алу мақсаты) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

12. Оңалту рәсімінің аяқталу сәтіне активтердің баланстық құны:_____________, оның ішінде:
(мың теңге)

негізгі құралдар__________________________;
(мың теңге)

аяқталмаған құрылыс______________________;
(мың теңге)
қосымша материалдар______________________;
(мың теңге)
аз құнды мүкәммал_______________________;
(мың теңге)
өндірістік қорлар________________________;
(мың теңге)
дайын өнімнің қалдықтары_________________.
(мың теңге)

**3. Кредит берушілер талаптарының тізілімін қалыптастыру және бекіту**

13. Оңалту рәсімінің басталуына борышкердің жалпы кредиторлық берешегі_______________, оның ішінде:
(мың теңге)
еңбекақы____________________________;
(мың теңге)
салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер_____________;
(мың теңге)
мердігерлер мен өнім берушілер алдындағы берешек____________.
(мың теңге)

14. Кредит берушілер талаптарының тізілімі (көшірмесі қоса беріліп отыр):
Комитеттің, оның аумақтық бөлімшесінің немесе оның филиалының бұйрығы 200_жылғы "__"__________________N______;
1-кезек ____________________________;
(мың теңге)
2-кезек ____________________________;
(мың теңге)
3-кезек ____________________________;
(мың теңге)
4-кезек ____________________________;
(мың теңге)
5-кезек ____________________________.
(мың теңге)

15. Кредит берушілер талаптарының тізіліміне өзгерістер енгізу туралы мәліметтер:___________________________________.

16. Кредит берушілер комитетінің келісім хаттамасы: 200_жылғы N___"__"________________.

17. Комитеттің, оның аумақтық бөлімшесінің немесе оның филиалының кредит берушілердің талаптары тізіліміне өзгерістер енгізу туралы бұйрығы: 200_жылғы "__"_______________N______.

**4. Мерзімі ұзартылған кредиторлық берешекті өтеу бөлігінде оңалту жоспарының орындалуы (оның ішінде өтеу нысандары мен әдістері бойынша: ақшалай және табиғи түрде, өзара есептесумен, қайта табыстаумен):**

| Кредит берушілер талаптары-ның тізілімі | Сомасы (мың теңге) | | кредит берушілердің қанағаттанды-рылған талаптарының пайызы | Берешекті өтеу мерзімі (күні) | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тізілімге сәйкес кредит беруші-лердің талаптары | кредит берушілер-дің қана-ғаттанды-рылған талаптары | | Жоспар бойынша | Іс жүз-інде |
| 1-кезек, барлығы, оның ішінде: | | | | | |
| 2-кезек, барлығы, оның ішінде: | | | | | |
| 3-кезек, барлығы, оның ішінде: | | | | | |
| 4-кезек, барлығы, оның ішінде: | | | | | |
| 5-кезек, барлығы, оның ішінде: | | | | | |

**5. Әкімшілік шығыстардың жалпы сомасы**

| р/с N | Шығындар | смета бойынша | есептелді | ақысы төленді |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Шикізат, материал-дар, сатып алу өнімдері және жартылай фабрикат-тар, барлығы | | | |
| | оның ішінде түрлері бойынша: (түрлерін ашу) | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Бөтен ұйымдар орындаған өндіріс-тік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер, барлығы | | | |
| 3. | Қосымша материал-дар, барлығы | | | |
| 4. | технологиялық мақсаттарға арнал-ған материалдар, барлығы | | | |
| 5. | Отын және ЖЖМ, барлығы | | | |
| | оның ішінде түрлері бойынша: | | | |
| 6. | Энергия, барлығы | | | |
| 7. | ӘБП ұстау, барлығы | | | |
| | оның ішінде түрлері бойынша: | | | |
| 8. | Басқа жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыстар, барлығы: | | | |
| | оның ішінде: | | | |
| 9. | Іске асыру жөнін-дегі шығыстар, барлығы | | | |
| | оның ішінде: | | | |
| | (түрлерін ашу) | | | |
| 10. | Пайыздар бойынша шығыстар, барлығы | | | |
| | оның ішінде: | | | |
| | (қарыз алу көздері бойынша ашу) | | | |
| 11. | Негізгі құралдарды жақсарту, барлығы | | | |
| 12. | Күрделі салымдар, барлығы | | | |
| | оның ішінде түрлері бойынша: | | | |
| | (түрлерін ашу) | | | |
| 13. | Жөндеу мен пайда-лануға жұмсалған ағымдағы шығындар | | | |
| 14. | Негізгі құралдарды сатып алу, барлығы: | | | |
| | Оның ішінде түрлері бойынша:<br>(түрлерін ашу) | | | |
| 15. | Регресстік тәуекелдер | | | |
| 16. | Бюджетке аударымдар | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | оның ішінде түрлері бойынша: | | | |
| | (түрлерін ашу) | | | |
| 17 | ЖҚ оның ішінде: | | | |
| | ЖЗҚ аударымдар | | | |
| | негізгі өндіріске еңбекақы төлеу | | | |
| | ӘБП еңбекақы төлеуі | | | |
| 18 | Оңалтуды басқа-рушының сыйақысы | | | |
| 19 | Мерзімі ұзартылған кредиторлық берешекті өтеуге бағытталған қаражат | | | |
| | Жиыны: | | | |

18. Ағымдағы кредиторлық берешектің барлығы________________.
(мың теңге)

**6. Борышкердің дебиторлары**

19. Оңалтудың басындағы дебиторлық берешек: __________________, оның ішінде:
(мың теңге)
нақты өндіріп алуға ______________________;
(мың теңге)
өндіріп алуға үміт жоқ:___________________.
(мың теңге)

20. Дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша талап қою жұмысы

| р/р N | Борышкердің атауы | Заңды мекен-жайы | Талап қою өтінішін берген күні | Берешек сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

21. Дебиторлық берешекті нақты өндіріп алу: ______________________________________________________________
(мың теңге, табиғи түрде мүлікпен)

22. Оңалту рәсімінің аяқталу сәтіне ағымдағы дебиторлық берешектің жиыны ________________________.
(мың теңге)

23. Оңалту рәсімінің аяқталу сәтіне мерзімі ұзартылған дебиторлық берешектің жиыны_________________________.
(мың теңге)

**7. Борышкердің оңалту рәсімін қолдануға дейінгі жасаған мәмілелерін талдау, мүлікті қайтару және оңалту рәсімін қолдануға дейінгі үш жыл ішінде жасалған мәмілелердің күшін жою жөніндегі іс-шаралар туралы ақпарат**

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

**8. Өндірістік бағдарламаның орындалуы**

(мың теңге)

| №№ | Өнімнің атауы | Өлшем бірлігі | Оңалту жоспары бойынша | |
|---|---|---|---|---|
| | | | жүргізілді | іске асырылды |
| | | | | |
| | | | | |

кестенің жалғасы

| Есепті күнге нақты | | Іске асырудан түсетін түсім | ескерту (орындалмау себептері) |
|---|---|---|---|
| жүргізілді | іске асырылды | | |
| | | | |
| | | | |

**9. Ақша қаражаты түсімінің болжамды жоспары**

(мың теңге)

| Қаржылық сауықтыру жоспарының іс-шаралары | Оңалту жоспары бойынша есеп беру күніне | Есеп беру күніне нақты іске асыру | Ескерту (орындалмау себептері) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

**10. Оңалту рәсімін жүргізу барысы туралы өзге мәліметтер**

______________________________________________________________________

**11. Қорытынды ереже.**

**Оңалту жоспарын орындау қорытындылары**

______________________________________________________________________

**Оңалтуды басқарушы** ___________ (аты-жөні) (қолы)

**Бас бухгалтер** _______________ (аты-жөні) (қолы)

Мөр орны Күні

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК